6D020800 – Археология және этнология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Терекбаева Жазира Махмудовнаның «Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесі (XVIII – XX ғасырдың басы)» атты тақырыпта дайындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Тарихымызды ұлттық мүдде мен еліміздің ізгілікке, елдікке ұмтылуының үздіксіз үдерісі, өткені мен бүгінгісінің сабақтасып, астасып халық жадында жаңаруы тұрғысынан қарастыруды бүгінгі ғылым талап етеді. Қазақтардың этно-саяси, этномәдени, этношаруашылық тенденцияларын ғылыми біртұтас зерттеу олардың аймақтық ерекшеліктерін негізге алып, тарихи этнографияны ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық игеру отандық этнология ғылымында басты орынға шығып отыр.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне тән, бірақ әлемдік өркениетпен тығыз байланысты, көптеген халықтардың этникалық мәдениетінде маңызды орын алатын «көлік жүйесі» тақырыбы – отандық этнология ғылымында өзектілі күн тәртібен түспеген мәселе. Қалыптасу кезеңі тереңге саятын әскери көліктің, жол жүргендегі қатынас көлігінің, жүк көлігінен, уақытша жылжымалы тұрғын үй типін қоса атқарған көлік түрлерінің адамзат тарихында атқаратын рөлі зор.

Қазақ халқы иемденген Қазақ жерінде байырғы көлік түрлері мен типтерінің тарихи деректерінің, қалдықтарының сақталуы біздің жерімізді мекен еткен байырғы тайпалардың өмірі мен тіршілігінің ажырамас бөлігі болғанының айғағы. Халықтың материалдық мәдениеті мен шаруашылықты жүргізу қарекетінің ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі – көлік құралдары. Дәстүрлі ортада қазақ халқы киіз үймен және оның барлық жабдығымен, тұрмыс пен шаруашылыққа қажетті бұйымдармен көшу үшін көлік күшін, ал мерзімдік қонысқа, көздеген жерге жету үшін ат пен түйенің көлік қызметін, сондай-ақ шаруашылықта түйе, жылқымен қатар, өгіз, есектің күшін пайдаланды. Тарихи дәуірлерде, әрі үй болған арба-үйлердің, күймелердің қызметін, сонымен қатар адамды, жүкті тасу үшін, оны өзен-сулардан өткізу үшін кеме, қайық, сал қызметтерін пайдалану, көлік құралдарын игеру, жегу үшін түрлі әбзелдерді жасаудың қыр-сырларын игеру арқылы қазақтардың көлікке қатысты халықтық білімдер жүйесі қалыптасты. Бұл іргелі мәселені арнайы зерттеу, дәстүрлі көлік жүйесінің болмыс-бітімін толық айқындауға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың үшінші тарауында қарастырылатын су көліктері бойынша «Применение методов естественных наук в современных археологических исследованиях Казахстана: внедрение и интеграция» және «Қазақстанның аридтік аймақтарында сумен қамтудың дәстүрлі әдістері: этнологиялық және геоархеологиялық тұрғыда қарастыру» атты мемлекеттік жобалар аясында ғылыми жұмыстар жүргізілген. Бұл өз кезегінде тақырыптың

бүгінгі мемлекеттік бағдарламалармен байланыстылығын айқындай түседі. Осы тұрғыдан алғанда қорғауға ұсынылып отырған Терекбаева Жазира Махмудовнаның «Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесі (XVIII – XX ғасырдың басы)» атты зерттеу жұмысының тақырыбы ауқымды да өзекті.

2. Диссертацияларға қойылатын (Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің 2, 5, 6 тармағына және ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтардың төлқұжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Ж.М. Терекбаева дайындаған «Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесі (XVIII – XX ғасырдың басы)» атты диссертациялық жұмысы «6D020800 – Археология және этнология» мамандығының төлқұжатына сәйкес келеді.

Ізденуші диссертациялық жұмысты орындау барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізген:

Бірінші нәтиже. Дәстүрлі көлік жүйесіне қатысты заттай және жазба деректер қоры алғашқы рет арнаулы тақырып ретінде талданып отыр.

Екінші нәтиже. Жартастар бетіндегі көлік қатынас-құралдарының бейнелерін талдай отырып, генезисін айғақтаған.

Үшінші нәтиже. Көлік қатынас-құралдарының типологиясы жасалған.

Төртінші нәтиже. Көлік түрлерінің жасалу әдістері қарастырылған.

Бесінші нәтиже. Қазақтардың дәстүрлі көлік түрлерінің ұғымдары мен атауларының мағынасы, аймақтық ерекшеліктері анықталған.

Алтыншы нәтиже. Түркі тілдес халықтарының дәстүрлі көлік түрлерімен ортақ белгілері, ерекшеліктері салыстырылған.

Жетінші нәтиже. Жылқы мен түйе малының көлік ретіндегі қызметі талданған.

Сегізінші нәтиже. Арба, сүйреткі және шаналардың қолданыстық мәні ашылған. Күйменің тарихи дәуірлердегі түрлері мен қолданыстық қызметіне қатысты деректер мен мәліметтер қоры жинақталған.

Тоғызыншы нәтиже. Алғашқы рет дәстүрлі су көліктері (сал, мес сал, қайық) талданған.

Оныншы нәтиже. Көлік жүйесінің мифтік бейнесі және фольклордағы көрінісі зерделенген.

Он бірінші нәтиже. Алғашқы рет дәстүрлі көлік жүйесіне қатысты реконструкциялық сызбалар, фото, визуалдық құжаттар тізбесі берілген.

3. Докторанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Бірінші нәтиже. Диссертант музей қорлары мен халық қолында сақталған көлік түрлеріне сипаттама, атрибуция жасаған. Археологиялық қазба барысында табылған көлік қалдықтарын негізге алған, сондай-ақ заттай және жазба деректер қоры сарапталғандықтан шынайы болып табылады.

Екінші нәтиже. Жартас бетіндегі бейнелер мен оларға қатысты зерттеулер көлік қатынас-құралдарының тарихи дәуірлердегі қалыптасу генезисін айғақтайды және шынайы негізделген.

Үшінші нәтиже. Заттай және жазба деректерін негізге ала отырып, дәстүрлі көлік түрлерінің типологиясын анықтаған және шынайы болып табылады.

Төртінші нәтиже. Көлік түрлерінің құрылымын, бөлшектерін, жасауға жергілікті материалдар пайдаланылғандығы, олардың жергілікті шеберлер қолынан шыққандығы анықталғандықтан шынайылық дәрежесі күмән туғызбайды.

Бесінші нәтиже. Қазақтардың дәстүрлі көлік жүйесінің аймақтық ерекшеліктеріне қарай пайдалануындағы айырмашылықтар, аймақтық диалектологиялық атаулар, ұғымдардың мәні, мағынасы анықталғандықтан, түйінделген мәліметтер шынайы болып табылады.

Алтыншы нәтиже. Қазақтардың көлік-құралдарының басқа түркі тілдес халықтардың дәстүрлі қатынас-құралдарымен ортақ белгілері, ерекшеліктері зерделенді, бір-бірімен салыстырылып, сараптама жасалғандықтан шынайылық деңгейі жоғары дәрежеде болып табылады.

Жетінші нәтиже. Жылқы малының мініс және түйенің күш, көш көлігі ретіндегі қызметі талданғандықтан шынайы дәйектелген.

Сегізінші нәтиже. Арбалар мен күйменің, сүйреткілер мен шаналардың қолданыстық маңызы ғылыми тұрғыда негізделген.

Тоғызыншы нәтиже. Осы уақытқа дейін қазақ халқының су көліктері арнаулы еңбек ретінде қарастырылмаған. Сондықтан шынайылық дәрежесі күмән туғызбайды.

Оныншы нәтиже. Қиял-ғажайып көліктерге қатысты танымдар, этнофольклорлық мұралар, жосын-жоралғылар мен әдет-ғұрыптар бүгінгі күнге дейінгі материалдарды талдау негізінде жазылғандықтан, ғылыми тұрғыдан негізделген.

Он бірінші нәтиже. Қазіргі таңға дейін дәстүрлі көлік жүйесіне қатысты визуалды деректер базасына кешенді түрде талдау жасалынбаған. Сол себепті жинақталған деректер шынайы негізделген.

4. Докторанттың диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Бірінші нәтиже жаңа. Қазақтардың дәстүрлі көлік жүйесінің заттай және жазба деректері жеке тақырып ретінде жаңаша көзқараста талданған.

Екінші нәтиже салыстырмалы жаңа. Жартас бетіндегі көлік бейнелеріне қатысты ішінара зерттеулер жүргізілгенімен, жартас суреттерін талдай отырып, көлік қатынас-құралдарының ежелгі тайпалар тұрмысындағы орны мен генезисін анықтауға қатысты нақты тұжырымдар қазіргі таңға дейін жасалынбаған.

Үшінші нәтиже жаңа. Археологиялық қазба материалдары, шығыс және еуропалық саяхатшыларының деректері, революцияға дейінгі ресейлік авторлар, мұрағат құжаттар мен статистикалық зерттеулер нәтижесінде жинақталған жазба деректеріне талдау жасай отырып дәстүрлі көлік жүйесінің типологиясы анықталған.

Төртінші нәтиже жаңа. Революцияға дейінгі ресейлік авторлар, кеңестік дәуір еңбектері, мұрағат құжаттары, ел арасынан жинаған далалық материалдарды негізге ала отырып, аймақтық диалектологиялық атаулар,

ұғымдарды жүйелеу арқылы «Аймақтық этнографияның» қазақ халқына тән ерекшелігін дәстүрлі көлік жүйесінен де көрінетіні айғақтаған.

Бесінші нәтиже жаңа. Көлік түрлерінің құрылымын, бөлшектерін, жасауға жергілікті материалдар пайдаланылғандығы, олардың жергілікті шеберлер қолынан шыққандығы анықталған.

Алтыншы нәтиже жаңа. Қазақтар мен түркі тілдес халықтарының дәстүрлі көлік жүйесіндегі жалпы және ерекше қырларындағы салыстырмалы түрдегі талдауларды ұтымды пайдаланған.

Жетінші нәтиже жаңа. Археологиялық қазба материалдары, шығыс және еуропалық саяхатшыларының деректері, революцияға дейінгі ресейлік авторлар, мұрағат құжаттар мен статистикалық зерттеулер нәтижесінде жинақталған жазба деректер, далалық материалдар негізінде жылқы малының мініс көлігі ретіндегі қызметі мен адам өміріндегі ат-көлік ретіндегі маңыздылығы, түйенің күш әрі көш көлігі ретінде қызметін пайдаланудағы халықтық тәсілдер жүйесі талданған.

Сегізінші нәтиже жаңа. Жазба және заттай деректерді негізге ала отырып, арба түрлерінің, сүйреткі мен шаналардың аймақтық, маусымдық қолданыстағы ерекшелігі нақтыланған. Күйменің тарихи дәуірлердегі түрлері мен қолданыстық қызметіне қатысты деректер мен мәліметтер қоры жинақталған.

Тоғызыншы нәтиже жаңа. Дәстүрлі су көліктерінің түрлері анықталып, аймақтық және қолданыстық ерекшеліктері талданған. Су көліктерінің жасалу технологиялары қарастырылған. Ауыр салмақты, жүк тасу үшін байланыстырылып, қосақталып жасалған түйе қайық пен теріден үрленіп құрастырылған мес салдың фото реконструкциясы ұсынылған.

Оныншы нәтиже жаңа. Фольклор және халық ауыз әдебиет үлгілеріндегі қиял-ғажайып ертегілер, аңыздар, ғашықтық жыр-дастандар, мақал-мәтелдер, ескі сөздер қорындағы қазақ халқының көлік қатынас-құралдары талданып, ғылыми айналымға енгізілген.

Он бірінші нәтиже жаңа. Дәстүрлі көлік жүйесінің қолданыстық маңызын айғақтайтын фотоқұжаттар тізбегі мен түсініктемелері жасалынған. Техникалық әдіс-тәсілдерді меңгере отырып, көлік түрлеріне қатысты реконструкциялық сызбалар мен фотолар жинақталған.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Ж.М. Терекбаеваның «Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесі (XVIII – XX ғасырдың басы)» атты тақырыпта жазылған диссертациялық жұмысы дербес орындалған ғылыми еңбек болып табылады. Жұмыстың мақсаты мен міндеттері дұрыс айқындалып, жүйелі түрде тиянақты шешім тапқан. Ізденушінің қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары тақырыпты жоғары деңгейде ашуға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысы логикалық және мазмұндық тұрғыдан үйлесім тапқан және ішкі бірлігі өте жоғары, толық аяқталған іргелі зерттеу жұмысы болып табылады.

6. Докторанттың алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталуы.

Диссертациялық зерттеу жұмысында ұсынылған негізгі қорытындылар мен тұжырымдарды, этнология бағытындағы оқытылатын дәрістерге, арнаулы курстар, семинарлармен қатар, этноархеологиялық бағытта пәнаралық

байланыстар жасауға пайдалануға болады. Диссертациялық жұмысты жазу барысында жинақталған ғылыми материалдар еліміздің жоғарғы оқу орындарында, соның ішінде археология және этнология, тарих мамандықтарына таңдамалы мамандандыру модульдері, яғни элективті модульдерге пән ретінде енгізіп, арнаулы дәрістер курсын дайындауда және оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға пайдаланылады.

7. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындысының жариялануына растама.

Диссертациялық зерттеу еңбегінің негізгі қорытындылары мен нәтижелері Қазақстан Республикасы БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан бекітілген отандық ғылыми журналдарда 4 мақала, еліміздегі ғылыми орталықтар мен ЖОО-да отандық тарихтың іргелі мәселелеріне арнап ұйымдастырылған халықаралық және республикалық ғылыми конференциялардың жинақтарында 4 ғылыми мақала, шетелдік халықаралық конференцияда 2 ғылыми мақала, «Web of Science» және «Scopus» халықаралық деректемелер базасына енген басылымда 1 мақала, «Су көліктері: қолданыс аясы және тарихи реконструкция» атты тақырыпқа 1 авторлық куәлік алынған. Сонымен жалпы 12 жарияланым жарық көрді.

8. Диссертацияның мазмұны мен рәсімдеуіндегі кемшіліктер.

Диссертация ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талабына сай келеді. Жарияланған мақалалар диссертацияның мазмұнын толық ашады. Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыстың аталған ғылыми құндылығымен бірге төмендегідей ескертпелер мен ұсыныстар бар:

1. Арбаның қазақтың этникалық тарихында үлкен маңызы бар. Арбаның бір бөлшегі деталі, артқы дөңгелек пен алдыңғы дөңгелекті қосып тұратын білеу ағашты - арыс деп атайды. Қазақ халқын құраған үш жүз: Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс-деп айтады. «Арыстай азамат», «Алаш арыстары» т.с.с фразеологизмдер кездеседі. Бұл қазақ халқының шығу тегі қола дәуірінде арбаның шығу үрдісімен тікелей байланысты деуге болады. (Қараңыз: Тоқтабай А.У. Түркі халықтарының жылқы мәдениеті. Астана 2013 ж. Кіріспе бөлімінде бұл мәселе қарастырылған.) Келешектегі зерттеулерде осы мәселені жайтты ескерген жөн.
2. Көліктерді егжей-тегжейлі жазғанда мал өнімдерін (қарыны, тарамысы, жалы т.б) пайдалануы жайлы қарастырған жөн. Мысалы: Іле қазақтары салт атпен судан өтерде қойдың қарнын үрлеп, аттың екі жағына қанжығаларына байлаған. Каспий қазақтары жылқының қарнын желкенге пайдаланған. Бұл таза көшпенділік дәстүрдің су көлігіне қолданылуының көрінісі.

Дегенмен, бұл айтылған сын ескертулер мен ұсыныстар диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығына нұқсан келтірмейді.

9. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына сәйкестігі.

Диссертацияның мазмұны тақырыптың мәнін толық ашады, зерттеудің мақсаты мен міндеттері орындалған, қорғауға ұсынылған қағидалар, ғылыми жаңалықтар мен нәтижелер өзара сабақтастық пен логикалық байланысын сақтаған. Диссертациялық жұмыстың мазмұны концептуалдық тұрғыда

тұтастығымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысы бойынша жоғарыда аталған ғылыми нәтижелерді талдай отырып, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінің докторанты Терекбаева Жазира Махмудовнаның «Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесі (XVIII – XX ғасырдың басы)» атты тақырыбындағы диссертациясын ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылаулар комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелері» талаптарын қанағаттандыратын, диссертацияларға қойылатын талаптарға сай келетіндіктен «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:
тарих ғылымдарының докторы, профессор
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уалиханов атындағы
Тарих және этнология институтының
ғылыми қызметкері **А.У. Тоқтабай**